

«Қазконтент» АҚ, Қазақстан Журналистер Одағы, Қазақстан Журналистер Академиясы, Бас редакторлар клубы ҚБ қолдауымен  
При поддержке АО «Қазконтент», Союза Журналистов Казахстана, Академии Журналистов Казахстана, ОО Клуба главных редакторов



**қазконтент**



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
журналистика факультеті баспасөз және электронды  
БАҚ кафедрасының құрылғанына 81 жыл

**«БАҚ мамандарын даярлау  
бастаулары және жаңа бағыттары» атты республикалық  
ғылыми-әдістемелік конференция**

## **ЖИНАҒЫ**

*2015 жыл 26-27 қараша*

## **СБОРНИК**

Республиканской научно-методической конференции  
**«Новые направления и инновации  
в подготовке кадров СМИ»,**  
посвященной 81-й годовщине кафедры печати и  
электронных СМИ факультета журналистики  
КазНУ им. аль-Фараби

*26-27 ноября 2015 года*

**Алматы 2015**

Редакциясын басқарған:  
журналистика факультетінің деканы **С. Медеубек**  
с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**

**Жауапты редактор:**  
аға оқытушы **А.Б. Әлімжанова**

**БАҚ** мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғы  
мелік конференция жинағы. 2015 жыл 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті,  
**ISBN 978-601-04-1666-4**

Жинақта бүгінгі журналистік білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Бұқаралық ақпарат  
мамандық дайындаудың жаңа бағыттары ұсынылады.

Жинақ журналистика саласындағы студенттерге, магистранттарға, Phd докторларына және жоғары  
оқытушыларға арналады.

1. Чернина Л. Г. Из опыта управления самостоятельной работой учащихся по освоению газетной лексики. – ИЯШ. 1983. – №1.
2. Узунова Л. М. Подготовка учащихся к работе с газетой. – ИЯШ. – 1987. – №3.
- Андреевская В. В. Возрастные особенности учебной деятельности старшеклассников на уроках иностранного языка. – ИЯШ. – 1983. – №6. Сб.: Взаимодействие рецепции и репродукции в обучении иностранным языкам. – М., 1980.
3. Шпак И. А. Деятельность школьного КИДа как одно из средств обновления учебного материала на уроках иностранного языка. – ИЯШ. – 1990. – №6.

**Өзбекова Г.С.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
журналистика факультетінің доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты*

## **ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН ӘДЕБИ БАСЫЛЫМДАР**

Қазақстанның Сырдария және Жетісу губерниялары (қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары) Түркістан республикасының құрамында болды. Оны негізінен қазақ азаматтары басқарды. Республика орталығы Ташкентте осы ана тілінде газет, журналдар шығарып тұрды. Олардың ішінде Орталық партия, Кеңес органдары да, салық баспасөз органдары да болды.

"Жаңа өріс" газеті. 1920 жылы сәуір айында Ташкентте "қырғыз-қазақша жетісіне екі рет шығатын, саяси һәм шаруашылық "Жаңа өріс" газеті жарыққа шықты. Ол "Россиялық еншілестер табының кеңесі мен Түркістандық Кіндік атқару Кеңесі һәм Түркістан Соғыс майдандарының саяси бөлімі атынан шығады" деп жарияланды.

"Жаңа өріс" алғаш тегін таратылды. Оның "Шет елдерде", "Кеңестер ішінде", "Аймақ хабарлары" деген бөлімдері болды. Ол осылай өз оқырмандарын ішкі, сыртқы жаңалықтармен таныстырып отырды. Газет 4-нөмірінде "Өріске" деген өлең жариялап, оқушыларының өзіне деген ниеті, талап-тілегі білдірілді. "Біз де жеттік жадыраған жазыңа, ел қондыру көк майсалы сазыңа" деп өз мақсат, мұраттарын білдірді. Көп материалдарында халықты жаңа еңбекке, игі тіршілікке үндеді. 1920 жылғы 16 шілде күнгі санындағы "Күншығыс" атты өлеңінде:

Күншығыс, жатпа енді,

Іс істе, алға бас!... деп жұртты тіршілікке шақырды. Оқын білім алуға, ізденіп үйренуге, күйзелген шаруа-жайларды жандандыруға үгіттеді.

1920 жылғы 27 шілдеге дейін «Жаңа өрістің» 14 нөмірі жарық көрді. Газет кадр жоқтығынан, қаржы тапшылығынан қиындықтарға ұшырады. Сондықтан мезгілімен шығып тұрмады, ғұмыры қысқа болды.

"Ақ жол" газеті. 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап "Жаңа өріс" негізінде Түркістан Орталық партия Комитетінің тілі "Ақ жол" газеті шығарылды. Оның алғашқы ұйымдастырушылары С.Қожанов, М.Дулатов болды. "Төңкеріс, аумалы-төкпелі заман, ауыспалы үкімет, жұрт не боларын түсіне алмай жатқан, аштық, жоқтық қара бұлты түнеріп төнген сол тұста "Ақ жол" қазақ, қырғыз халқына, сара бұқараға жол басшылық етемін деп шықты. Елді еңбекке, жаңа құрылысқа жұмылдырамын, оқу, ілімге, мәдениетке үндеймін деп шықты" [1,82].

"Ақ жол" алғаш – 3000, 1921 жылдан 3500 дана болып таралып, көптеген шаралар жүргізді. Бұқара халықтың көңілінен шығуға тырысты. Негізгі тақырыптары кооперация, оқу, денсаулық, шаруа, йел мен жастар жайы, әкімшілік құрылысы, салық туралы болды. Ел ішіндегі ұрлық, пара, жала ияқты жағымсыз жайларды әшкереледі.

Жиырмасыншы жылдардағы партия, мемлекет қайраткерлерінің көпшілігі әрі әдебиетші, әрі ақын етінде де танылған. Солардың бірі –С.Қожанұлы.

"20-жылдардың бірінші жартысында "Ақ жол" айналасында алуан-алуан пікір болды. Соның бірі зеттің аты жөнінде өрбіді. Ақ жол деген сөздің төркінінен ақтарды көргендер, оны дін жолы деп іпгендер, бұлай атау қызылдарға лайықсыз, неге "Қызыл жол" демеске дегендер табылды. "Ақ жолдың" әр сөзіне күдікпен қарап, "алаш", "ұлт" деген сөздерді көрсе, "ойбай аттанындар", "сақ болыңыр", "ұлтшылар бас көтеріп жатыр" деп аттандаушылар,оны төңкеріске қарсы газет деп жар салуылар да болмай қалмады" [1,83].

Бұларға газет өзінің екінші жыл шығуында былай деп жауап берді: "... қызыл жолға", қазақша түнгенге қанды жолға, "қызылға" қызықпайтынымызды, ақ жолдан қашпайтынымызды, ақ жол біздің қабамыз", "ақ жүрегіміз", "ақ көңіліміз" екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылмен біліп, жүрегімен сезді..." ("Ақ жол" газеті, 5,12.21)".